

ӘОЖ 821.512.122; МҒТАР 16.21.61
<https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.112>**Ж. АМАНБЕКҚЫЗЫ¹, Г.О. СЫЗДЫҚОВА²**

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: amanbekkyzy85@mail.ru
²филология ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: go.syzdykova@mail.ru

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Тіл білімінің антропоэзектік бағытқа негізделген бүгінгі дамуында халық болмысын танытып, ұлттық рухын күшейтетін, рухани құндылықтарды паш ететін қайнар көздерді терең танып, мәнін ашу – өзекті мәселе. Ұлтымыздың ұлы тұлғасы, ойшыл ақын, сазгер Шәкәрім Құдайбердіұлының мол мұрасы тілдік таным тұрғысынан әлі де жан-жақты зерттеуді, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, аксиологиялық лингвистика ғылымдарының нысанында қайта қарауды қажет етеді. Зерттеу еңбектерінің дені әдебиеттану саласында жазылған. Бұдан Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының көркемдік тілін зерттеу мәселесінің өзектілігін байқауға болады. Тіл әлеміне келіп құйылатын тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ауыз әдебиеті үлгілері ұзақ ғасырлар бойы этнос тәжірибесінен туындап, этнос туралы құнды деректерді бойына сақтайды. Және олар жеке қолданыстан бөлек, ақын-жазушылардың көркемдік тілінде жиі кездесіп, өзінің құрылымдық қызметінен бөлек, лексика-семантикалық мәнге ие болып, функционалдық қызмет атқарады. Бұл мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында кездесетін мақал-мәтелдер дәл осы тұрғыда ұлттық жан, күй үйлесімін құрайтын ұлттық мінез, ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүр атты үш бірлік негізінде қарастырылады. Мұнда тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде лексика-семантикалық талдау жасалып, Шәкәрім Құдайбердіұлының көркем шығармаларында қолданылған мақал-мәтелдердің ұлттық негізі мен ұлттық таным көріністері зерттеледі.

Кілт сөздер: этнолингвистика, психология, ұлттық таным, ұжымдық сана, мінез, салт-дәстүр, әдеп.

Zh. Amanbekkyzy¹, G.O. Syzdykova²

¹PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: amanbekkyzy85@mail.ru
²Doctor of Philological Sciences, Professor
L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: go.syzdykova@mail.ru

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Аманбекқызы Ж., Сыздықова Г.О. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы мақал-мәтелдердің ұлттық мәдени негіздері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №4 (134). – Б. 161–172. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.112>

***Cite us correctly:**

Amanbekqyzy J., Syzdyqova G.O. Shakarim Qudaiberdiuly shygarmalaryndagy maqal-matelderin ulattyq madeni negizderi [National Cultural Foundations of Proverbs and Sayings in Shakarim Kudaiberdiuly's Works] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2024. – №4 (134). – B. 161–172. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.112>

Мақаланың редакцияға түскен күні 05.06.2024 / қабылданған күні 30.12.2024

National Cultural Foundations of Proverbs and Sayings in Shakarim Kudaiberdiuly's Works

Abstract. The task of thoroughly identifying and revealing the essence of the sources that disclose the identity of the people, uphold the national spirit, and illustrate spiritual values is urgent in today's anthropocentric language development. Shakarim Kudaiberdiuly, the great poet, thinker, and composer who left behind a rich legacy, still requires a thorough examination from the perspective of linguistic knowledge, with revisions in the areas of cognitive linguistics, linguoculture, and axiological linguistics. The majority of research papers are prepared in the literary studies subject. This demonstrates the importance of the issue of analyzing the creative language used in Shakarim Kudaiberdiuly's works. Phraseological units, proverbs, sayings, riddles, samples of oral literature that come to the linguistic world come from the long-term practice of the ethnos and store valuable data about the ethnos. And they, in addition to personal use, are often found in the artistic language of poets and writers, in addition to their structural activities, have lexical and semantic meaning. In this article, the proverbs and sayings found in the works of Shakarim Kudaiberdiuly are analyzed in this context on the basis of three units: national character, national feeling, national customs and traditions that make up the harmony of the national soul and state. Here, a lexical and semantic analysis is carried out based on the historical and comparative method, the national foundations and manifestations of national knowledge of proverbs and sayings used in the works of Shakarim Kudaiberdiuly are studied.

Keywords: ethnolinguistics, psychology, national cognition, collective consciousness, character, customs and traditions, ethics.

Ж. Аманбеккызы¹, Г.О. Сыздыкова²

*¹PhD докторант Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: amanbekkyzy85@mail.ru*

*²доктор филологических наук, профессор
Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: go.syzdykova@mail.ru*

**Национальные культурные основы пословиц и поговорок
в произведениях Шакарима Кудайбердиулы**

Аннотация. В современном развитии языкознания, основанном на антропоцентрической направленности, актуальным вопросом является глубокое познание и раскрытие сущности источников, отражающих народную идентичность, укрепляющих национальный дух, демонстрирующих духовные ценности. Богатое наследие великого деятеля нации, поэта-мыслителя, композитора Шакарима Кудайбердиулы по-прежнему требует всестороннего изучения с точки зрения языкового познания, пересмотра в форме когнитивной лингвистики, лингвокультурологии, аксиологической лингвистики. Большинство исследовательских работ написано в области литературоведения. В этом можно проследить актуальность проблемы изучения художественного языка произведений Шакарима Кудайбердиевича. Фразеологизмы, пословицы, поговорки, загадки, образцы устной литературы, которые приходят в языковой мир, происходят из многолетней практики этноса и хранят ценные данные об этносе. И они, помимо личного употребления, часто встречаются в художественном языке поэтов и писателей, помимо своей структурной деятельности, имеют лексико-семантическое значение. В этой статье пословицы и поговорки, встречающиеся в произведениях Шакарима Кудайбердиулы, именно в этом контексте анализируются на основе трех единиц: национального характера, национального чувства, национальных обычаев и традиций, составляющих гармонию национальной души и

состояния. В статье проводится лексико-семантический анализ на основе историко-сравнительного метода, изучаются национальные основы и проявления национального познания пословиц и поговорок, использованных в художественных произведениях Шакарима Кудайбердиұлы.

Ключевые слова: этнолингвистика, психология, национальное познание, коллективное сознание, характер, обычаи и традиций, этика.

Кіріспе

Қазіргі тіл біліміндегі көкейкесті мәселенің бірі – антропоэзектік бағыт бойынша мәдениет пен тілдің байланысын зерттеу. Тіл дүниетанудан бастап адамның өмір тіршілігін тұтас қамтитын, оның заттық және рухани мәдениетін келер ұрпағына жеткізуші құрал. Қазақ тіл білімінде тіл арқылы мәдениеттанудың елтану, лингвомәдениеттану, этнолингвистика секілді соны бағыттары қалыптасып, тіл мен мәдениеттің қатынасын зерттеуге, жаңаша бағдарлауға мүмкіндік туды. Осы орайда, мақалада Шәкәрім шығармаларында кездесетін мақал-мәтелдерде сақталған ұлттық негіздердің этнолингвистикалық мәнін айқындауды мақсат етеміз.

Ә.Қайдар зерттеуінше, мақал-мәтелдер – этнолингвистикалық арнаның фразеологизмдер секілді ең құнарлы саласы. Мұнда ғалым әрбір мақал мен мәтелдің бойында этнос болмысына, оның рухани, заттық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімге қатысты бай ақпарат жинақталғанын және олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесінің зор екеніне тоқталып, «Тіл әлеміне» келіп құйылатын лексика-семантикалық арналарды атап көрсетеді. Олар: баламалар, тұрақты теңеулер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ауыз әдебиеті үлгілері. Бұлар – ұзақ ғасырлар бойы этнос тәжірибесінен туындап, этнос туралы небір деректер беретін этнолингвистикалық арналар екенін атап өтіп, мақал-мәтелдерге басымдық береді [1, 497-б.]. Сол себепті мақал-мәтелдердің тілде пайда болу факторлары мен жеке адамның мінез-құлқына, іс-әрекетіне, қалып-күйіне, т.б. қасиеттеріне ауысу мотивтерін айқындаудың, мән-жайын түсіндірудің маңызы зор. Және олар жеке қолданыстан бөлек, ақын-жазушылардың көркемдік тілінде жиі кездесіп, өзінің құрылымдық қызметінен бөлек, лексика-семантикалық мәнге ие болып, функционалдық қызмет атқарады. Біздің зерттеу нысанымызға сай, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында кездесетін мақал-мәтелдерді дәл осы тұрғыда қарастырудың өзектілігі зор. Бұл тақырыпта зерттеушілер әр ұлттың өзіне тән мақал-мәтелдердің мағыналық топтарын айқындап, оларды дәстүрлі даналықтың құнды қайнар көзіне айналдыратын мәдени, әлеуметтік және когнитивтік өлшемдерін анықтауға басымдық береді [2].

«Ұлттық мәдениет ұлттың жай-күйімен тығыз байланысты. Ұлттық жан, күй үйлесімі үш бірліктен тұрады. Ол: ұлттық мінез, ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүр» [3, 140-б.], – деген Г. Смағұлова пікіріне орай, Шәкәрім шығармаларында қолданылған мақал-мәтелдерден осы үш бағытқа сай мысал келтіре отырып, талдап көрсек.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысында тарихи-салыстырмалы, когнитивті-семантикалық, лингвистикалық, этимологиялық және мәдени талдау әдістері пайдаланылды. Мұнда тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде лексика-семантикалық, құрылымдық талдау жасап, Шәкәрім Құдайбердіұлының көркем шығармаларында қолданылған мақал-мәтелдердің ұлттық негізіне үңілуге тырысамыз. Тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде Шәкәрім шығармаларында қолданылған мақал-мәтелдерді «Бабалар сөзі» атты академиялық жинақтың 65–69-томдарында келтірілген мақал-мәтелдердің түпнұсқасымен салыстырып, автор

қолданысындағы ерекшеліктерге тоқталамыз. Сонымен бірге, сапалық зерттеу әдістері арқылы Ш. Құдайбердіұлы шығармаларындағы мақал-мәтелдерде сақталған қазақ халқының тарихи тәжірибесі мен олардың бүгінгі қоғамдық мәселелермен үндестігін анықтай аламыз. Когнитивті-семантикалық талдау арқылы мақал-мәтелдерді зерттеу оның мәдени негізінде жатқан лингвистикалық және когнитивті сипатын айқындап, мақал-мәтелдердің семантикалық мәнін талдауға және олардың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мәдени білім мен даналықты бейнелеу жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Ш. Құдайбердіұлы шығармаларындағы мақал-мәтелдерді талдай отырып, қазақ халқының мәдени құндылығын қалыптастыратын танымдық негіздерді анықтауға болады. Ал мәдени талдау арқылы мақал-мәтелдердің жасалуына ықпал еткен тарихи, саяси және әлеуметтік әсерлерді айқындауға болады. Мақал-мәтелдердің мәдени маңыздылығын оның ұжымдық санамен сәйкестігі және әлеуметтік шарттарды қалыптастырудағы рөлі арқылы түсінуге болады. Мұның өзі Ш. Құдайбердіұлының шығармаларындағы мақал-мәтелдердің ұлттық мәдени негіздерін айқындауға ықпал етеді. Зерттеудің дереккөзі ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының үш томдық жинағы, оның ішінде I, II томындағы өлеңдер, поэмалар мен «Әділ-Мария» романында кездесетін мақал-мәтелдер қарастырылды.

Талдау мен нәтижелер

Ш. Құдайбердіұлының көркем шығармаларында кейіпкер тілінде қолданылған мақал-мәтелдерді жиі кездестіреміз. Ғалым Р. Сыздықова тілімен айтсақ: «Кейіпкер тілі және автор тілі дегеніміз – шығарма композициясын құрайтын бірліктер – кейіпкер сөзі және автор сөзі дегендерден бөлек дүниелер» [4, 38-б.]. Сонымен бірге, Р. Сыздықова кейіпкерді жазушы, әдетте, өз заманының немесе өмір сүрген кезеңінің тілімен сөйлетеді, сондай-ақ кейіпкер өзінің мінезіне, алған тәрбиесіне, өскен ортасына, жасына, әлеуметтік орнына сай сөйлеуі қажет деп есептейді. Шәкәрім – қазақ халқының төл перзенті болғандықтан оның шығармашылығы ұлттық этномәдени құндылықтарды көрсетуге арналған туындылар іспетті. Шығармаларының бүкіл болмысынан, ой-түйіндерінен, даналық тұжырымдарынан қазақы болмысы сезіліп тұрады. Және автор тілінде болсын, кейіпкер тілінде болсын Шәкәрім мақал-мәтелдерді асқан шеберлікпен пайдаланады. Себебі, «Мақал-мәтелдер де – дүниенің ұлттық танымы, ұлттық философиясы» [4, 189-б.].

Мақал-мәтелдерді – философиялық мәнге ие, сөз өнерінің (фольклордың) жанрлық түрі деген ғалым Т. Шаңбай Шәкәрім шығармашылығында қажеттілігіне сай мақал-мәтел мол қолданылғанын атап өтеді [5, 152-б.]. Ол мақал-мәтелдердің барлығы белгілі бір философиялық мәнге, этнолингвистикалық сипатқа ие болып, өзіне тән көркемдік міндет атқарып тұратынын айтады.

«Жасымнан жетік білдім түрік тілін, Сол тілге аударылған барлық білім» деп жырлаған өлең жолдарынан Шәкәрім қажының білім өрісі мен жан-жақты қызығушылығы айқын аңғарылады. Араб, Парсы, Қытай, Үрім, Еуропа авторларының еңбектерін ақтарып, білімін толықтырған автор туралы Р. Бердібай былай дейді: «Өзгелерін айтпағанда, түркі және орыс тілдегі жаһан ғұламалары мен шайырларының шығармаларымен таныстықтың өзі Шәкәрімнің білік деңгейін орасан ұлғайтқаны анық» [6, 66-б.].

Кез келген ұлттың тек өзіне ғана тән дербес мінез-құлқы болмайды. Түрлі тарихи кезеңдер мен табиғи жағдайлар ұлт психологиясының қалыптасуына әсер етеді. Қазақтың ұлттық мінезі қалыптасуына өзі тіршілік кешкен шексіз сары даланың кеңдігі мен көшпелі тұрмыс-тіршілігі елеулі әсер етті. Табиғи апаттардың сырын ұқпай, әулиелерге құлшылық ету, табиғат құбылыстарының қайталану ерекшеліктерін ескеру, сол арқылы табиғатпен тіл табысып, етене араласу қасиеттері байқалады.

Ұлттың мінез-құлқы – тарихта халықтың өзі жасаған заттық және рухани тіршілігінің бейнесі. Тарихи жағдайлар мен географиялық орта да мәңгілік тұрақсыз болғандықтан, ұлт

мінез-құлқының дамып, өзгеріп отыруы да заңды құбылыс. Тарихтағы елеулі оқиғаның бәрі ұлт психологиясына әсер етіп, оның дүниетанымында із қалдырып отырады. Ал ол ерекшеліктер халық шығармашылығында, мәдениеті мен тұрмысында көрініс береді.

Қазақ халқының мінезіне тән басты қасиет – рухани және адамгершілік құндылықтарды жоғары қою. Мұның өзі қазақ зиялыларының еңбегінде кеңінен насихатталып отырады. Мәселен, бай да құнарлы рухани негізден тамыр тартқан Шәкәрім шығармалары оның ниеті мен өмірлік ұстанымынан да хабар береді.

Ақын шығармаларында «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» ұсынатын мақал-мәтелдерді орнымен қолданып, оларға белгілі бір лексика-семантикалық міндет жүктейді. Яғни, ақын шығармаларында кездесетін мақал-мәтелдер кездейсоқ алынған сөздер тізбегі емес, өзінің ойын жеткізуде ұлт болмысын айшықтай алатын, айтылып отырған мәселенің нүктесін қоятын дәл де нақты мағыналық тұжырымдар. Мысалы, дастандары мен өлеңдерінен алынған мына үзінділер халық болмысына тән түрлі мінез сырларынан хабар береді:

1. «Сақтыққа қорлық жүрмес» деген бар ғой,

Сақтанбасаң артқыға сөз боларсың» [7, 48-б.], - деп Еңлік пен Кебектің хикаясын жырлауда кіріспе сөзде қолдана отырып, жалпы оқиғаның ауанынан, талай заманға сақталып қалған қайғылы жағдайдың барысынан хабар береді. Сақтық – адамның жақсы қасиетінің бірі. Қазақтың дәстүрлі танымында «Сақтықта қорлық жоқ» [8, 253-б.] деген мәтел сөздің түрленген формасы. Түпнұсқадағы бір буынды «жоқ» сөзі мәнмәтінде екі буынды «жүрмес» сөзіне өзгертіліп, қара өлең ұйқасына сай 11 буынға толықтырылған. Қолданыстың негізгі мағынасы сақталып, мәтел сөздің мәні айшықталып тұр. Сақтық – Шәкәрім лирикасындағы тірек ұғымдардың бірі. Оның мәнін өзінің «Талап пен ақыл» атты өлеңінде айшықтайды. Және мұнда сақтық талапқа тағылған алты түрлі нөқтаның бірі ретінде сипатталады:

Сақтық деген – әрқашан байқап жүрмек,

Пайда ма, не залал ма, ескерілмек.

Көргенін, естігенін есепке алса,

Сонда оңай әрбір істі ойлап білмек [9, 163-б.].

«Сақтық «әрбір істі ойлап білмекке шақыратын ізгі қасиеттің бірі екені айтылған. Шәкәрім сақтықты философиялық лирикасында ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, ой, талап, сияқты адамның асыл қасиеттерінің қатарында бейнелейді» [5, 179-б.].

Сонымен бірге, Бауыржан Момышұлының «Ақиқат пен аңыз» атты кітабында бұл мәтел ерлікке қатысты әңгімеленеді. Онда сақтықты есеп ретінде анықтап, ерлік есеппен жасалмайтынын батыр өз түсінігінде талқылайды. Міне, дәл осы түсіндіруге сай, бас кейіпкер Кебек батыр Нысан абыздың алдын-ала сақтандырғанына қарамай, жастық желікпен, сезім жетегінде кетіп соңы қайғылы жағдайға ұласады. Оқиға барысында қазақ болмысына сай, батырлық мінезбен Кебек есеп пен сақтықты емес, көзсіз ерлікті, жүрегінің үнін тыңдайды. Яғни, бұл мәтелді қолдана отырып, ақын қазақтың болмысына тән қызуқанды албырт мінезден сақтандырып отыр. Артынан өкініш әкелер жағдайға ұрынбас үшін сақтана әрекет етуге шақырады. Ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық арқылы ғана талап еткен арманыңа қол жеткізесің дейді.

2. «Егер де біреу айтса ұнар ма едің,

Талап қылма, талпынба деп өзіңе.

Рас, құдай жазбаса бітпес жұмыс,

Сөйтсе де бізге міндет талап пен іс [7, 52-б.].

Талап қылмай бола ма құтылуға

Оттан қашып кірсем де терең суға» [7, 53-б.], - деп Еңлік жырда осылай тебіреніп, өз басына түскен қиындығынан жол табуға ұмтылады.

Халық арасында жиі кездесетін «Жан қиналмай жұмыс бітпес, *Талап қылмай мұратқа жетпес*» [10, 194-б.], «*Берер Тәңір талап қылсаң, Не табарсың қарап тұрсаң. Мұратқа тез жетерсің, Оқығанды сабақ қылсаң. Күніне бес ойлағанды тамақ қылсаң*» [8, 81-б.] деген мақалдың автор қолданысына сай түрленген нұсқасы деуге болады. Талапты адамға тән зиялы қасиеттердің бірі деген ғалым Ә. Қайдар оны адамды жақсы іс-әрекетке ұмтылдыратын қасиет ретінде сипаттайды [11, 87-б.].

«Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой, Бес асыл іс көнсеңіз», - деп Абай бес асыл істі санамалап көрсетіп, алғашқысы ретінде талапты атап өтеді. Сонымен бірге, Абай «Әбдірахман өліміне» атты өлеңінде талапты тұлпарға теңеп, онымен тас қияға да өрлеуге болатынын да айтады: «Талаптың мініп тұлпарын, Тас қияға өрледің» [12, 153-б.].

Шәкәрім өз жырларында талаптың орындалуы үшін адам бойында сабыр, сақтық, ар, ұят, ынсап, рақым секілді қасиеттердің болуын құптайды, олай болмаған жағдайда адамның хайуаннан төмен болатын мүшкіл халін де айшықты түрде суреттеп береді:

«Ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық –

Талапқа алты түрлі нокта тақтық.

... Сабыр, сақтық, ой, *талап*, болмаған жан

Анық төмен болмай ма хайуаннан» [9, 163-б.].

Қазақ танымында «Талапты ерге нұр жауар», «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін!» деген бір-біріне қарсы мәнді даналық сөздер де кездеседі. Мұның мәні талап та, бақ та – азамат үшін қасиетті дүниелер екені айтылып, өнер-білімге талаптанған адамның болашағы зор болса да, бағы жанбаса бәрі бекер дегенге саяды. Байқап қарасақ, халық танымында құдай беруі керек деген баққа байланған талапты Шәкәрім басқаша тәпсірлейді. Адамның өзінен тыс нәрселерге малданбай немесе бәрін Құдайдың маңдайға жазған тағдырына тірмей, өзіне күш салып, ерік-жігерін қайрап, өзін-өзі дамытуға, болмысын шыңдауға шақырады. Адамның өзіне деген сенімі артып, өзін жоғары бағалап, ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық секілді ішкі рухани тірегін күшейткенде талаптың да бағы жанып, барлық қиындықты жеңуге болатынына сендіреді. «Еңлік-Кебек» дастанында бұл туралы жаза отырып, Шәкәрім адамның міндеті – талап қылып, әрекетке көшу, соңында қандай күн туса да, өзіне берілген өмірді өкінішсіз сүру, бақытты болуға талпыну, өзің ойлаған өмірге ұмтылу дейді. Құдай жазбады деп құсалыққа салынбай, адал еңбек етіп, адамдық борышқа адал болып қалуды бүкіл шығармаларында насихаттайды.

3. «*Тез оңар әсіреқызыл* болмаған соң,

Әр елге өлең болып шыға алмаған [7, 89-б.].

«*Әсіре қызыл тез оңар*» [8, 63-б.] деп келетін бұл мәтелдің түпкі мағынасы тез ұмытылатын, жеңіл әңгіме дегенге саяды. Этнолингвистикалық сөздікте: «*Әсіреқызыл* сөз көпірме, мақтан үшін айтылған сөз ретінде сипатталады [11, 642-б.]. «*Әсіре*» сөзінің өзі «шамадан, шектен тыс, өсіңкі» деген мағына беретін сын есім болса, «*әсіреқызыл*» сөзі ауыспалы мағынада «сырты жылтыр, алдамшы» деген мағынаны білдіреді.

Мәнмәтінде бұл мағынасына кері мәнде, яғни, *әсіреқызыл* емес екенін сипаттау үшін: «Талай жан оның жайын ұға алмаған, ойсыздың жүрегіне жұға алмаған» деп қолданылған. Мәжнүннің қиын халін суреттеуде оның сөзі ойсызға жұқпайтын, талай жан ұқпайтын өлең болған соң ел ішіне жайылмаған деген мағынаға саяды. Және мұны тек осы қолданыста емес, ел арасында мағынасы терең насихат, ойлы сөздің кең таралмай, керісінше, жеңіл әзіл, көпірме сөздің тез таралатынына қатысты айтылған деп те қабылдауға болады.

4. Болса да *сыртым бүтін, ішім түтін*,

Үзеді тірі жаннан кім үмітін [7, 142-б.], – дегенде кейіпкердің жай-күйін суреттеу үшін қолданылып, оның «*Сырты – бүтін, іші – түтін, яғни бар дертін, қайғы-қасіретін ішіне жасырып, елге сыр бермей, сырт көзге күліп-ойнап жүрген адам, жан дүниесі жұмбақ жан*

[13, 485-б.] екенін ұқтырып тұр. Бұл мақалды Шәкәрім әр түрлі шығармасында сан түрлі етіп құбылтып қолданады. Мәселен:

Сырты сау, іші науқас елдің дені,

Алдап айтқыш ақын көп – тіл шешені [9, 211-б.], – дей келіп, халық арасында «*Сырты бүтін, іші түтін*» [12, 93-б.], «*Сырты тоқ, іші боқ*» [6, 268-б.] деп келетін мақалды адамның сыртқы күйі ішкі болмысымен сәйкеспейтін жайларын сынауда қолданады. «*Сырты – жалтырақ, іші – қалтырақ*» мақалы этнолингвистикалық сөздікте кейбір адам сырт көрінісі көрікті, бейне-пішіні сымбатты, көрген адамның көзі тоятындай, әдемі де әсем болып келгенімен, жан дүниесі таяз, жеңілтек не қорқақ, жаңғалақ, не жағымпаз болып келетінін сипаттайды [11, 485-б.]. Мұндағы елдің науқас болу себебін философ-ғалым Ғ. Есім «оның азып-тозуы» ретінде тәпсірлейді [14, 205-б.].

Шәкәрім «Аурулы жанға айла жоқ» атты өлеңінде тіпті: «*Тәні сау, миы науқастар, Ондайға дәрі қона ма*» [9, 326-б.] деп те қолданады. Бұл туралы Ғ. Есім екі түрлі түсінігін ұсынады, біріншісі – ойсыздар, былайша айтқанда, санасыздар болса, екіншісі – дүрмекке еруші тобырлық сана құрсауындағылар дейді [14, 100-б.]. Яғни, автор адамның екіжүзділікке салынбай, айналасына қалай бар солай көрінуін, шынайы болмысын паш етуін дұрыс көреді. Олай болмаған жағдайда, ойсыз, санасыз тобыр кімнің болса да соңынан еріп, ұлт ретіндегі болмысын жоғалтады. Адамның сырт көрінісі мен ішкі күйі, мазмұны мен тұлғасы, сөзі мен ісі сай болғанда ғана нағыз адам, азамат атауына лайық болмыс ретінде қалыптаса алады.

Сондай-ақ, осы тақырыпта зерттеу жасаған Г.А. Айтқұлова мен Д.А. Ислам «Ұлттық паремиологиядағы «еңбекқорлық\жалқаулық» концептінің тілдік ерекшеліктері» тақырыбында жазған мақаласында Шәкәрім шығармаларындағы тілімізде жалқаулықпен бірдей қолданылатын еріншектік концептісіне тоқталып, олардың адамгершілік сипаттағы қасиеттерді қалыптастыруда, еңбек тәрбиесіне баулуда халықтық педагогиканың озық үлгілері болып табылатынын атап өтеді [15]. Яғни, жоғарыда аталған паремиялар арқылы қазақ халқының ұлттық мінезі мен болмысын тануға, сол арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға да болатынын атап өтеді.

Сезім – адамның жеке басының түрлі көңіл-күйлерін тіл арқылы жеткізуі болса, *ұлттық сезім* – ұлтқа тән құндылықтармен мақтану, оларға құрмет көрсету, аялау, қастерлеу сияқты сезім күйлерінің көрінісі болмақ. Мәселен, адамның туған тіліне деген сүйіспеншілігі – ұлттық сезімнің ерекше түрі болып саналады. Шәкәрім шығармаларында ана тіліне, сөз құдіретіне деген ерекше сезімдер мақал-мәтелдер арқылы да жеткізіледі. Мысалы: «Әділ-Мария» романынан:

1. « – Қайдан білейін, «былтыр түсе салып, биыл жаман атын шығарып жүр» демесе, «*отыз тістен шыққан сөзді отыз ру ел біледі*» деген мақал бар емес пе» [7, 175-б.]?

Мұнда «*Отыз тістен шыққан сөз Отыз ру елге таралар*» [16, 357-б.] деген мақал қолданылған. Оның мәні этнолингвистикалық сөздікте не айтсаң да ертең сол айтқаның ел-жұрттың аузына тез тарап кететіні туралы айтып, сол себепті бірдеңе айтар кезде аузыңа абай бол деп сақтандыратын мақал ретінде сипатталады [11, 631-б.].

Сонымен бірге, сөз құдіреті, оның танымдық мәні Шәкәрім жырларында ерекше айшықталады. Бұл туралы ғалым А. Салқынбай былай дейді: «Байқасақ, мұнда «сөз» – әлемнің тілдік бейнесінің ментальды бірлігінің бірі. Адам баласы ойының көрінуі, ойдың жандануының басты таңбалық бейнесі» [17, 35-б.]. Жоғарыдағы келтірілген мақалдан да осыны аңғаруға болады. Яғни, сөздің құдіреті сонша, аузыңнан шыққан соң оған иелік ете алмайсың, бүкіл елге таралып, жақсы болса, мәртебеңді биіктетеді, жаман болса, абыройыңды төгеді. Сол себептен, айтар сөзге абай бол, әбден ойланып барып сөйлеген жөн деген мақсатта қолданылған мақал деуге болады.

2. *Отсыз, күшсіз, сүйексіз қызыл тіл бар,*

Оларға ел қырғызбай тұрмақ үшін [7, 223-б.].

Қазақ арасында бұл мақалдың «Тіл сүйексіз, ақыл түпсіз» [10, 228-б.], «Тіл сүйексіз болғанымен, тістен өткір» [13, 410-б.], «Тілде тиек жоқ, ауызда сүйек жоқ» [18, 357-б.] деген нұсқалары да кездеседі. Сонымен бірге, «Тілде сүйек жоқ, ерінде жиек жоқ, Қызыл тілде сүйек жоқ» [11, 592-б.], – деген халқымыз, сол сүйексіз тілдің де алапат күшінен сақтандырып отырады: «Сүйексіз тіл сүйекті де сындырар, яғни тілдің қуаты, адамның жан дүниесіне әсері өлшеуге келмейтін орасан күш. «Сүйексіз тіл сүйекті сындырар» деген «сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді» деген мақалды толықтыратын тіркес. Тіні жұмсақ, сүйексіз тілдің адам сөйлеген кезінде еттен емес, сүйекке жеткені түгіл, сүйекті сындыратын күшке ие болуы, шайқап сөйлемей байқап сөйлеуді, ойнап сөйлемей ойлап сөйлеуді ескертеді [12, 561-б.]. Шәкәрім қолданған мәтінде де ғылым мен техниканың жетістігін пайдаланып, елді қырмас үшін қызыл тілді қару етіп, оларға қарсы тұрамыз, сөз құдіреті арқылы ғана жақсы мен жаманды ұқтыра аламыз деген насихаты жеткізіледі.

3. *Ғылымға* да керек жан,

Ақылсыз болса, *ғылым тұл* [9, 357-б.].

Бар *ғылымның түп атасы* –

Таза ақыл мен ойлану [9, 381-б.], – деп жырлаған Шәкәрім шығармаларында «ғылымға адамдық таным арқылы келіп, ғылымның табиғатына жан-жақты талдау жасаған». Бұл туралы зерттеуші Т. Шаңбай былай дейді: «Ғылымның бастауы ақыл екенін атап көрсеткен. Демек Шәкәрім ақылдың мәнін ашуға аса күш салған. Оның ғылымның бастауы екенін айтқан» [5, 113-б.].

Қазақта «*Ғылым ақылға қанат бітірер*» [10, 173-б.], «*Ғылым өлшеуі – ақыл, Зейін өлшеуі – нақыл*» [19, 111-б.] секілді мақал-мәтелдер кездеседі. Шәкәрім өз жырларында ғылымның өзін жүрекпен, ақылмен жұмсау керек, олай болмаған жағдайда пайдасынан зарары көп болатынын да ескертіп отыр. Ғылымға ынтық болу үшін, оның сырын танып, адамзат игіліне пайдалана білу үшін таза ақылмен ойлану керек екендігін баса айтады. Себебі: «Ғылым – адамзаттың ақыл-ойы, ол – ой тәуелсіздігін қажет ететін феномен. Ғылымға шектеу қою оның табиғатына залал келтіру, себебі ғылым – адамзаттың ойлау қабілетінің мүмкіндігі» [14, 103-б.]. Ғылымда іркіліс жоқ, ол ақыл күшінің нәтижесінде әрдайым дамып, ілгері қарай жылжи береді. Ол бір ағынды су секілді, ағынын тоқтатса, ғылым болудан қалады. Ақын өз шығармаларында ғылымға ынтық болуды, білгенінді елге жайып, қоғам пайдасына жаратуды барынша насихаттайды.

4. *Анық байлық – денеге біткен өнер,*

Білімдінің бәрі де соған төнер [9, 109-б.].

Қазақ халқы «*Өнер – таусылмас азық, Жұтамас байлық*» [10, 179-б.], – деп өнер иесін жоғары бағалайды. Шәкәрім өз шығармаларында өнер жолын дәріптейді, себебі өнердің өлтірмес иесі – халық. «Өнерліге өріс кең», «өнерлі өрге жүзер», «ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер», «өнер таусылмас азық, жұтамас байлық», «өнерлі жігіт өрде озар» деген халықтық концепцияны терең дамытып, ұлттық дүниетаным үлгісінде бар қағиданы одан әрі тереңдетіп, оның ішкі болмысы мен түпкі сырына үңілдіреді. Өнер ермек емес, рухтың көрінісі екенін, тірлікте артыңа із қалдырғың келсе, өнерге жүгін дейді. А. Салқынбай пікірімен түйіндесек: «Ақын концепциясы – ақ жолдан айнымай, ар сақтап, білім мен өнер үйреніп, халыққа еңбек қылу. Шәкәрім поэзиясының өміршендігін, өлең өмірінің мәңгілігін айқындайтын басты заңдылықтың бірі – шығарма мазмұнының болмыс заңдылығы мен тіршілік ақиқаты арасындағы байланысты айқындауы» [17, 132-б.].

Ұлттық салт-дәстүрлер сол ұлтты танудағы ерекше мәдениет құралы болып саналады. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар әрбір ұлттың тәлім-тәрбиелік жазылмаған заңдарының жинағы болып есептеледі. Салт-дәстүрлер отбасылық тәрбиеден қалыптасып, жалпыхалықтық деңгейге дейін өзгеріп, дамып отырады. Тұтас халық оған түрлі өзгерістер енгізіп, уақыт өткен сайын қоғамдық болмыс көріністеріне бейімделіп дамиды.

Жазушы, филология ғылымдарының кандидаты С. Кенжахметұлы қазақтың салт-дәстүрімен әрбір сәби кіндігі кесіліп, туған халқымның әдет-ғұрпын қалаудай қалап, дәстүрін жадына жылудай жинап, асыл тілін аманаттай ардақтап, дінін діліме тұмардай тағып, салтын санама сыбағадай сақтап және олардың бәрін құрандай қастерлеп өсіп, ержететінін айтып өтеді [20, 3-б.]. Міне, осылайша ұлттың әрбір ұланы ұлттық салт-дәстүрдің қадіріне жетіп, құндылығын бойына сіңіреді. Мұндай салт-дәстүрлер Шәкәрім шығармаларында да молынан кездесіп, ұлт болмысын тануға, оның әлем туралы түсінігін ұғынуға ықпал етеді. Мысалы:

1. Сорлы едім бір айтқан соң мойын бұрмас,

Өліммен уағда бұзған – бәрі бір бәс [7, 118-б.], – деп келетін жырда Ләйлімен некесі қиылған Ебнсалам байбатшаның сөзінде кездесетін мақал.

Қазақта «Адам уағдада тұрса, Сөз қадірін білгені. *Уағдада тұрмаса, Ол адамның өлгені*» [8, 16-б.] деген мағынадағы нақыл сөздер жиі кездеседі. Себебі, қазақ танымында уәдеге берік болу, айтқан сертін орындау – адам болмысына тән ерлікпен парапар биік адамгершілік қасиет саналады. Ол туралы айтылған нақыл сөздер өте көп:

Этнограф, ғалым С. Кенжахметұлы ант ұғымын қазақтың ғұрпына жатқызады [20,8]. Себебі, «Ант – қылыштан да өткір, Сөз – қояннан да жүйрік. Сондықтан антты (сөзді) қалай болса солай, ойланбай айта салуға болмайды» [13, 599-б.].

Сонымен бірге, уәдеге берік болудың түбіне үңілсек, Аллаға ұқсау дегенге саяды. Құранда «Алла берген уәдесін ұмытпайды, екі қылмайды» деген аят бар. «Құдай адамды өзіне ұқсатып жаратқан» деген философия да осыдан шығады. Сондықтан «Уәде – Құдай сөзі», «Уәде – Құдай аты» деген ұғымдар қазақ санасына берік орныққан.

Адам уәде бере алады, берген уәдесін саналы түрде есіне түсіре алады. Біреумен келісіп, шарттасып, қол алысып, бір іске уағда етеді, соны жадында ұстайды. Қазақта «*Атты шылбырынан, ер жігітті сөзінен ұстайсың*» деген мақал бар. Сертіне берік кісі құны мен бәсін арттырады. Жұрт ондай тұлғаны құрметтеп төбесіне тұтады. Уәдесін бір сәтке ұмытпайды. Яғни сау болмыс «қоғамдық тәртіп» талабымен емес, жауапкершілік эпитетімен іс қылады. Байқап қарасақ, қазақ танымында уәдеге берік болу, оны орындау – ерлік саналса, тиісінше, уәдені бұзу – өліммен парапар қорлық саналады.

2. «*Кебенек киген келеді*» – деген үмітіміз бар ғой. Жұбанышы – «*әзір кебін кигем жоқ қой!*» [7, 201-б.]. Мұндағы «кебенектің» екі мағынасы бар, бірі – жұқа әрі тығыз киізден иығын тұтас әрі кең етіп тігілген батырлар, малшылар киетін жауын-шашыннан сақтайтын киім болса, екіншісі «тірі жүрген, бұл дүниеде бар адам» мағынасында айтылады [19, 127-б.]. Сонымен бірге, этнографист-ғалым Ә.Қайдар кебенектің екі түрі бар дей келіп, біреуі малшылардың киімі болса, екіншісі «темір сауытқа қолы жете бермейтін сарбаздар кез келген сәтте сапқа тұруға дайын азаматтарды киізге құм, қылшық қосып басқан тас кебенек киіп, жауға қарсы күш-қайратын, өжеттігін, ерлігін көрсеткен сәтінде де тануға болатыны айтады [21, 266-б.].

«Кебенек» сөзіне «Сөздер сөйлейді» еңбегінде ғалым Р. Сыздықова да түсінік береді. Жоғарыда аталған мәтелдерден басқа бұл тіркес батырлар жырында да кездеседі. Және автор Шоқан еңбектеріне сілтеме жасайды: «Кебенек – қазақтардың ерте кездердегі киімі, ол тығыз әрі жұқа етіп басылған ақ киізден тігілетін кең, ұзын шапан (плащ), бұл киім жаңбыр мен қардан қорғайды. Кебенекті ертеде көбінесе жауынгерлер киген» дей келіп, «кебенек» сөзінің этимологиясына да тоқталады: оның түбірі – *кеп* сөзі болар деп есептейді. «Көне түркі тілінде *кеп* – «қалып» («форма»), қазіргі қырғыз тілінде де *кеп* сөзінің бір мағынасы – «қалып, киім, маска». Сонымен қатар бұл сөзден қазіргі қазақ тіліндегі *кептеу* «нығыздау» (басына бөркін кептеп кию), *кептелу*, *таз кепеш* (адамның басына қалып сияқты кептеле қалатын баскиім) сияқты сөздер де сақталған. Бұл сөздің «қалып» мағынасынан «киім» деген ауыспалы мағынаның тууы – табиғи құбылыс. Сондықтан *кеп* түбірінен жасалған *кебене / кебенек* сөзі «киім», оның бір түрі («киізден жасалған шапан») дегенді білдірген деп

топшылаймыз» [21, 94-б.]. Романда жаламен елден аласталып кеткен Әділдің үйіне қайта келуіне деген үмітіне сай осы мәтел қолданылған. Сол бір ауыз сөзге қазақ танымындағы қанша ұғым топтасып, кейіпкердің үміт-тілегі жеткізілген.

Зерттеу тақырыбына сай ұлттық мінез, ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүр құндылықтарын сипаттауда «Еңлік-Кебек» (*сақтық, талап*), «Ләйлі-Мәжнүн» (*әсіреқызыл, сыртым бүтін, ішім түтін, уағда бұзу*) дастандарынан, «Дубровский әңгімесі» (*қызыл тіл*) аудармасынан, «Әділ-Мария» (*отыз тістен шыққан сөз, кебенек кию*) романынан және «Талап пен ақыл» (*талап*), «Ғайсадай жан беретін таңның желі» (*сырты сау, іші науқас*), «Ғылымсыз адам айуан», «Тәңірі мен жан» (*ғылым*), «Бай мен кедей» (*өнер*) атты өлеңдерінен үзінділер келтірілді. *Сақтық, талап, әсіреқызыл* және құбылмалы сипатқа ие *іші бүтін, сырты түтін* мінез сапалары мен *сөз, тіл, ғылым, өнер* секілді сезімдік құндылықтарды, *уәдеге берік болу, кебенек кию* секілді әдет-ғұрыптық ұғымдардың этимологиялық және лингвистикалық мәні анықталып, ұлт санасындағы орны, қазақ халқының мәдени танымында қалыптасқан өзіндік орны сөз болды. Мұнда мысалға алынған мақал-мәтелдерді ұлттық мінез, ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүр секілді тақырыптық топтарға жіктеуге болады. Мұның барлығы қазақ халқының ұлт болып ұйысуында ерекше мәні бар дәстүрлі құндылықтар деуге болады. Оның көрінісін ақын шығармаларынан оқи отырып, нақты мысалдары мен адамға қатысты әсер көріністерін де кездестірдік.

Қорытынды

Шәкәрім шығармаларында қазақ халқының болмысын танытып, ұлттық рухын паш ететін жәдігерлер жеткілікті. Атап айтар болсақ, ұлттың мінез-құлқын, сезімін, салт-дәстүрін шығармаларында қолданылған түрлі мақал-мәтелдер арқылы да тануға болатынына көз жеткіздік. Қазақ халқының басынан өткен тарихи жағдайлар мен географиялық орта тұрақсыз болғандықтан, ұлттың мінез-құлқы сан құбылып дамып отыруы да заңдылық. Тарихтағы елеулі оқиғаның бәрі ұлт психологиясына әсер етіп, ұлттық танымында өзіндік белгі қалдырып отырды. Ал ол ерекшеліктердің барлығы халық ауыз әдебиетінде, соның ішінде мақал-мәтелдерде де сақталып қалды. Қазақ халқының болмысына тән басты қасиет – рухани және адамгершілік құндылықтарды жоғары қою болса, біз мысал келтірген Шәкәрім шығармаларынан *сақтық, талап, әсіреқызыл болмау, сырты бүтін, іші түтін* секілді түрлі мінез сапалары мен олардың айналасына әсері, тәрбиелік мәні туралы біршама ақпараттар кездестірдік.

Сонымен бірге, Шәкәрім шығармаларынан өз ұлтына тән құндылықтарды насихаттау, оларға құрмет көрсету, аялау, қастерлеу секілді биік сезімдерді жырлау да кездеседі. Мәселен, *сөз құдіреті, тіл, ғылым, білім, білімді адам мен өнерлі жан* әрдайым марапат пен алғысқа ие болатынын, ақынның ел арасында осындай құндылықтарды насихаттауға басымдық бергені байқалды.

Кез келген ұлтты танудағы ерекше мәдениет құралы болып табылатын ұлттық салт-дәстүрлер де ақын жырларынан қалыс қалмаған. Әсіресе, көркем шығармаларында кеңінен қолданыс тауып, сол дәуірдегі халықтың тұрмыс-тіршілігінен, қоғамдық жай-күйінен де мол мағлұмат беріп тұр. Мұндай салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар әрбір ұлттың тәлім-тәрбиелік жазылмаған заңдарының жинағы болып есептелетіндіктен, оның халықпен бірге өмір сүруі, бұл күнде қолданыстан шығып қалса да, көркем шығармалар арқылы ұлт жадында үнемі жаңғырып тұруы – өте маңызды мәселе. Біз мысалға келтірген үзінділерде *уағда/уәдеге берік болу, кебенек кию* секілді ел арасында қалыптасқан ғұрып-салттардың мән-мағынасы мен жағымды-жағымсыз жақтарына үңілуге тырыстық. Мәселен, *уәдеге берік болу* секілді кейбір қасиеттер халықпен бірге дамып, адамды жақсы жағына өзгертіп, қоғам алдында жауапкершілік алуға тәрбиелейтін болса, әмеңгерлік секілді салттың көп жағдайда әйелдің еркінен тыс, оның разылығын алмай-ақ іске асатынына куә болдық. Дәстүр-салттың

жақсысын үйреніп, жаманынан жиреніп отыру үшін де өткен дәуір оқиғаларын суреттейтін мұндай шығармаларды кеңінен талдап, ұлт психологиясын зерттеуде, халықтың ұлттық санасында қандай өзгерістер болып жатқанын бағамдауда маңызы зор. Мұның бәрі ұлттың ұжымдық санасында өмір сүріп, бүгінгі күні оның әсері түрлі әрекеттер арқылы жарыққа шығуда. Сол себепті ұлт болмысын тануда мақал-мәтелдерде сақталған мәдени негізге үнілудің, бүгінгі тәрбие негіздерін салыстыра отырып зерделеудің берері мол.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. Т.1: – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.
2. Danang S.N. Uncovering the pedagogical propositions embedded in indonesian proverbs through cognitive semantics analysis // International journal of innovative research in multidisciplinary education. – 2023. №02(11). – P. 585–601. <https://doi.org/10.58806/ijirme.2023.v2i11n07>
3. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: Елтаным, 2020. – 256 б.
4. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. Т.6. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 296 б.
5. Шаңбай Т. Ұғым мәдениеті (Шәкәрім шығармашылығы аясында). – Алматы: Раритет, 2009. – 352 б.
6. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. Т.2. / «Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007. – 376 б.
7. Құдайбердіұлы Шаһкәрім шығармаларының үш томдық жинағы. Т.2: Өкінішті ғұмыр. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 432 б.
8. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.66: Қазақ мақал-мәтелдері. – Астана: Фолиант, 2010. – 350 б.
9. Құдайбердіұлы Шаһкәрім шығармаларының үш томдық жинағы. Т.1: Өлеңдер. Қажыма, ойым, қажыма. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 408 б.
10. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.65: Қазақ мақал-мәтелдері. – Астана: Фолиант, 2010. – 414 б.
11. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Т.1: Адам. – Алматы: Дайк-пресс, 2009. – 784 б.
12. Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қарасөздер. – Алматы: Атамұра, 2014. – 288 б.
13. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоғанай Т, 2004, – 560 б.
14. Есім Ғ. Данышпан Шәкәрім. – Алматы: Атамұра, 2008. – 336 б.
15. Айтқулова Г.А., Ислам Д.А. Ұлттық паремиологиядағы «еңбекқорлық\жалқаулық» концептінің тілдік ерекшеліктері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2(128). –Б. 125–136. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686>
16. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.67: Қазақ мақал-мәтелдері (Қытай қазақтарының мақал-мәтелдері). – Астана: Фолиант, 2011. – 464 б.
17. Салқынбай А. Шәкәрім шыққан шың. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 213 б.
18. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.69: Қазақ мақал-мәтелдері. – Астана: Фолиант, 2011. – 440 б.
19. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.68: Қазақ мақал-мәтелдері. – Астана: Фолиант, 2011. – 400 б.
20. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Атамұра, 2013. – 384 б.
21. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы. Т.4. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 412 б.

REFERENCES

1. Qaidar A. Gylymdagy gumyr. Maqalalar, baiandamalar jinagy [Life in science. Collection of articles, reports]. Т.1. – Almaty: «Sardar» baspa uii, 2014. – 520 b. [in Kazakh]

2. Danang S.N. Uncovering the pedagogical propositions embedded in Indonesian proverbs through cognitive semantics analysis // International journal of innovative research in multidisciplinary education. – 2023. №02(11). – P. 585–601. <https://doi.org/10.58806/ijirme.2023.v2i11n07>
3. Smagulova G. Qazaq frazeologiasy lingvistikalyq paradigmalarda: monografiya [Kazakh phraseology in linguistic paradigms: monograph]. – Almaty: Eltanym, 2020. – 256 b. [in Kazakh]
4. Syzdyqova R. Soz qudireti. Koptomdyq sygarmalar jinagy [The power of the word. Collection of multi-volume works]. T.6. – Almaty: El-sejire, 2014. – 296 b. [in Kazakh]
5. Shanbai T. Ugym madenieti (Sakarim sygarmasylygy aiasynda) [Culture of concepts (in the context of Shakarim's work)] – Almaty: Raritet, 2009. – 352 b. [in Kazakh]
6. Shakarimtanu maseleleri: Seryalyq gylymi jinaq [Problems of Shakarimology: serial scientific collection]. T.2. / «Atameken» seriasy. – Almaty: Raritet, 2007. – 376 b. [in Kazakh]
7. Qudaiberdiuly Shahkarim aygarmalarynyn ush tomdyq jinagy. T.2: Okinishti gumyr [A three-volume collection of works by Kudaiberdiuly Shahkarim. Vol. 2: The sad life]. – Almaty: Halyqaralyq Abai kluby, 2008. – 432 b. [in Kazakh]
8. Babalar sozi: Juz tomdyq. T.66: Qazaq maqal-matelderı [The word of ancestors: one hundred volumes. Vol. 66: Kazakh proverbs and sayings]. – Astana: Foliant, 2010. – 350 b. [in Kazakh]
9. Qudaiberdiuly Shahkarim sygarmalarynyn ush tomdyq jinagy. T.1: Olender. Qajyma, oiym, qajyma [Three-volume collection of works by Kudaiberdiuly Shahkarim. Vol. 1: Poems. Don't get tired, my mind, don't get tired]. – Almaty: Halyqaralyq Abai kluby, 2008. – 408 b. [in Kazakh]
10. Babalar sozi: Juz tomdyq. T.65: Qazaq maqal-matelderı [The word of ancestors: one hundred volumes. Vol. 65: Kazakh proverbs and sayings]. – Astana: «Foliant», 2010. – 414b. [in Kazakh]
11. Qaidar A. Qazaqtar ana tili aleminde (etnolingvistikalyq sozdik) [Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary)]. T.1: Adam. – Almaty: Daik-pres, 2009. – 784 b. [in Kazakh]
12. Abai. Sen de bir kirpish duniege. Olender men qarasozyder [You are also one brick of the world. Poems and sayings]. – Almaty: Atamura, 2014. – 288b. [in Kazakh]
13. Qaidar A.T. Halyq danalygy (qazaq maqal-matelderinin tusindirme sozdigi jane zertteu) [Folk wisdom (Explanatory Dictionary of Kazakh proverbs and research)]. – Almaty: Toganai T, 2004. – 560 b. [in Kazakh]
14. Esim G. Danyshpan Shakarim [Shakarim The Sage]. – Almaty: Atamura, 2008. – 336 b. [in Kazakh]
15. Aitkulova G.A., Islam D.A. Ulttyq paremiologiadagy «enbekqorlyq\jalqaulyq» konceptinin tildik erekshelekteri [Linguocognitive Analysis of the Concept of «Diligence/Laziness» in Kazakh Paremiology] // Iasauı universitetinin habarshysy. – 2023. – №2 (128). – B. 125–136. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686> [in Kazakh]
16. Babalar sozi: Juz tomdyq. T.67: Qazaq maqal-matelderı (Qytai qazaqtarynyn maqal-matelderı) [The word of ancestors: one hundred volumes. Vol. 67: Kazakh Proverbs (proverbs of Chinese Kazakhs)]. – Astana: Foliant, 2011. – 464 b. [in Kazakh]
17. Salqynbai A. Shakarim shyqqan shyn [The peak of Shakarim]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 213 b. [in Kazakh]
18. Babalar sozi: Juz tomdyq. T.69: Qazaq maqal-matelderı [The word of ancestors: one hundred volumes. Vol. 69: Kazakh Proverbs]. – Astana: Foliant, 2011. – 440 b. [in Kazakh]
19. Babalar sozi: Juz tomdyq. T.68: Qazaq maqal-matelderı [The word of ancestors: one hundred volumes. Vol. 68: Kazakh Proverbs]. – Astana: Foliant, 2011. – 400 b. [in Kazakh]
20. Kenjeahmetuly S. Qazaqtyn salt-dasturleri men adet-guryptary [Traditions and customs of the Kazakh people]. – Almaty: Atamura, 2013. – 384 b. [in Kazakh]
21. Syzdyqova R. Sozder soileidi (sozderdin qoldanylu tarihyndan). Koptomdyq sygarmalar jinagy. T.4 [Words speak (from the history of the use of words). Collection of multi-volume works. Vol. 4.]. – Almaty: El-sejire, 2014. – 412 b. [in Kazakh]